

Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 411 "2020-2022 жылдарға арналған Кемпірсай ауылдық округі бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 497 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 7476 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 411 "2020-2022 жылдарға арналған Кемпірсай ауылдық округі бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6717 тіркелген, 2020 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "20 615" сандары "25 570" сандарымен ауыстырылсын,

оның ішінде:

трансферттер түсімдері - "18 264" сандары "23 219" сандарымен ауыстырылсын

2) тармақшасында:

шығындар - "20 615" сандары "25 570" сандарымен ауыстырылсын.

3 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31183 теңге.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 8 тармағына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32668 теңге."

5 тармақта:

екінші абзацта:

"141" сандары "162" сандарымен ауыстырылсын.

келесідей мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға - 668 мың теңге;

Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге - 3 500 мың теңге.

Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеуге - 160 мың теңге;

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға - 606 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қарғалы аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қарғалы аудандық мәслихатының интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы аудандық мәслихатының сессия төрағасы

А. Байменшина

Қарғалы аудандық мәслихатының хатшысы

Н. Заглядова

Қарғалы аудандық мәслихаты
2020 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 497 шешіміне қосымша
Қарғалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы
№ 411 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Кемпірсай ауылдық округінің бюджеті

--	--	--	--	--	--

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы		Сомасы, мың теңге
				I. Кірістер		25570
1				Салықтық түсімдер		2351
	01			Табыс салығы		724
		2		Жеке табыс салығы		724
	04			Меншікке салынатын салықтар		1627
		1		Мүлікке салынатын салықтар		20
		3		Жер салығы		67
		4		Көлік құралдарына салынатын салық		1540
4				Трансферттердің түсімдері		23219
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		23219
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		23219
Функционалдық топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
					II. Шығындар	25570
01					Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14081
	1				Мемлекеттік басқарудың жалпы функциялары н орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14081
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14081
			001		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің	14081

					қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
04					Білім беру	394
	2				Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	394
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	394
			005		Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейінгі алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	394
06					Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	757
	2				Әлеуметтік көмек	757
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	757
			003		Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	757
07					Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9259

	3				Елді-мекендерді көркейту	9259
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9259
			008		Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3084
			009		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3500
			010		Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	160
			011		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2515
12					Көлік және коммуникация	1079
	1				Автомобиль көлігі	1079
		124			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1079
			013		Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының	1079

					жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
Функционалдык топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
					III. Таза бюджеттік кредит беру	0
Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Ерекшелігі	Атауы		Сомасы, мың теңге
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0
Функционалдык топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
					IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
					Қаржылық активтер сатып алу	0
					V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
					VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Ерекшелігі	Атауы		Сомасы, мың теңге
7				Қарыздар түсімдері		0
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар		0
		2		Қарыз алу келісім-шарттары		0
Функционалдык топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
16					Қарыздарды өтеу	0
	1				Қарыздарды өтеу	0

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Сомасы, мың теңге
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01			Бюджеттік қаражат қалдықтары	0
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК